

Рудный қаласында коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2022 жылғы 15 сәуірдегі № 117 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 сәуірде № 27636 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Рудный қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Рудный қаласында коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат хатшысы

С. Байғужин

Мәслихаттың
2022 жылғы 15 сәуірдегі
№ 117 шешіміне
қосымша

Рудный қаласында коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объект	Есептеу бірлігі	Жылдық норма, 1 есептік бірлікке текше метр
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	1,625
	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,63
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және басқа да сол сияқты объектілер	1 орын	1,55
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	3,50
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,64
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,28
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,00052

7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,47
8	Мектептер және басқа да оқу орындары	1 оқушы	0,22
9	Мейрамханалар, дәмханалар, басқа да көңіл көтеретін орындар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,82
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойын автоматтарының залдары, интернет - кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,48
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²	0,08
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,016
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы ауданы 1 м ²	0,16
14	Азық-түлік және өнеркәсіптік-тауар дүкендері, аралас дүкендер	Сауда алаңы 1 м ²	0,26
15	Машиналардан сату	Сауда орны 1 м ²	0,78
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²	0,80
17	Өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Сауда алаңы 1 м ²	0,14
18	Вокзалдар, автовокзалдар	Жалпы ауданы 1 м ²	0,17
19	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²	0,21
20	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	3,43
21	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	6,65
22	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	0,31
23	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,85
24	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техника жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м ²	0,13

25	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,17
26	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және т. б.)	1 жұмыс орны	1,72
27	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,42
28	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	0,13

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК